

**"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111
қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 21 қыркүйектегі № 642 қаулысы
. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы
№ 581 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері"
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111
қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

орталық аппараттың функцияларында:

мынадай мазмұндағы 14-3) тармақшамен толықтырылсын:

"14-3) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметке мониторингті
жүзеге асыру және ғылымды басқару жүйесін ақпараттық қамтамасыз ету, ғылым
саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс
істеуі қағидаларын бекіту;"

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш,
негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын,
техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу
орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру
ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

16-2) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 16-4) және 16-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"16-4) білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру
қағидаларын әзірлеу және бекіту;

16-5) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын әзірлеу және
бекіту;"

мынадай мазмұндағы 17-2) тармақшамен толықтырылсын:

"17-2) ғылыми бағыттар сыныптауышын бекіту;"

31-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"31-1) еңбек жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

53) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"53) білім алу үшін арнайы жағдайлардың бірыңғай қағидаттары мен нормативтерін айқындау;"

54) тармақша алып тасталсын;

61-6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"61-6) мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқулықтарға және оқу-әдістемелік кешендеріне қажеттілігін болжау әдістемесін әзірлеу және бекіту;"

71) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"71) ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;"

мынадай мазмұндағы 71-1) және 71-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"71-1) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде қалыптастырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің ғылыми, ғылыми-техникалық жобалары мен бағдарламаларын үйлестіру;

71-2) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін қорғалған диссертацияларды мемлекеттік тіркеу тәртібін бекіту;"

82) тармақша алып тасталсын;

110) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 127-2) тармақшамен толықтырылсын:

"127-2) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын мемлекеттік есепке алу қағидаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді бекіту;"

мынадай мазмұндағы 134-1) тармақшамен толықтырылсын:

"134-1) "Үздік ғылыми қызметкер" жыл сайынғы сыйлығын беру қағидаларын бекіту;"

мынадай мазмұндағы 157-1) тармақшамен толықтырылсын:

"157-1) мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

165) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"165) педагогтердің аттестаттаудан өту қағидаларын әзірлеу және бекіту;"
ведомствоның функцияларында:

33) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"33) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет пен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру қағидаларын әзірлеу;"

71) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"71) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін қорғалған диссертацияларды мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету;"

76-19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"76-19) мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын әзірлеу;"

76-24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"76-24) мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларын әзірлеу;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин